

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Жамбыл ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 4 тамыздағы № 175 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 3 тамыздағы № 183 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 тамызда № 4292 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 31 шілдедегі № 194 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 31.07.2019 № 194 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Жамбыл ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 4 тамыздағы № 175 қаулысына (2016 жылғы 9 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 9 қыркүйекте № 38 "Ауыл арайы" и "Сельская новь" аудандық газеттерінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 31 тамызда № 3886 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Жамбыл ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы".

2. Осы қаулының орындалуына жауапкершілік "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Жамбыл ауданы әкімінің

міндетін атқарушы

"КЕЛІСІЛДІ"

З. Мәкенов

Солтүстік Қазақстан

облысы Жамбыл аудандық

мәслихатының хатшысы

2017 жылдың 03 тамызы

Б. Мұсабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК